

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 және 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 қарашадағы N 1111 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір қаулыларына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарында :

2005-2007 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесінде (5-бөлім):

"Республикалық бюджеттен дамытуға және кредиттер беруге арналған мақсатты трансферттердің есебінен қаржыландырылатын басымды жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) 2005-2007 жылдарға арналған тізбесі" деген кестеде :

"Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 26-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қаласының Орынбор көшесі бойынан 1200 орындық орта мектеп салу";

"Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасы" деген кіші бөлімде :

реттік нөмірі 372 - жолда :

5-бағандағы "1200000" деген сандар "1100315" деген сандармен ауыстырылсын;

7-бағандағы "500000" деген сандар "400315" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 378 - жолда :

5-бағандағы "8259149" деген сандар "8358834" деген сандармен ауыстырылсын;

7-бағандағы "673449" деген сандар "773134" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004

жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысында :
көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:
04 "Білім беру" функционалдық тобында:

225 "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі" әкімшісі бойынша:

012 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және қайта жаңартуға берілетін нысаналы даму трансферттері" бағдарламасы бойынша:

"Астана қаласының Чернышевский-Ушаков көшелері ауданында" деген сөздер "Астана қаласының Орынбор көшесі бойынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік, оның ішінде инвестициялық жобаларға:" функционалдық тобында:

200 "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі" әкімшісі бойынша:

026 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мәдениет және спорт объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

"026 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мәдениет және спорт объектілерін дамытуға

берілетін нысаналы даму трансферттері 2705784

оның ішінде инвестициялық жобаларға:

2000 орындық цирк ғимаратын салу 1032335

"Думан" ойын-сауық объектілері кешені 773134

Қоянды өзенінің су қоймасында Астана

қаласының тұрғындарына арналған қысқа

мерзімді демалыс аймағы 400315

Астана қаласында теннис кортын салу 500000".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі